

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ. И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Қ. Тұрысов атындағы Геология және мұнай-газ ісі институты

«Геофизика және сейсмология» кафедрасы

Темірғали Рахман Ерланұлы, Жумабаев Бекзат Адилевич

«Тасбақа учаскесінде пайдалы қазбалар кен орындарын іздеу мақсатында
геофизикалық әдістерді қолдану»

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

6В07201 – Мұнай-газ және кен геофизикасы

Алматы 2025

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

"Қ. И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті"
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Қ. Тұрысов атындағы Геология және мұнай-газ ісі институты

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі геофизика
және сейсмология,
ғылым техникасының докторы,
профессор

 Ратов Б.Т.
«16» 06 2025 ж.



ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: «Тасбақа учаскесінде пайдалы қазбалар кен орындарын іздеу
мақсатында геофизикалық әдістерді қолдану»

6B07201 – Мұнай-газ және кен геофизикасы

Орындаған

Темірғали Рахман Ерланұлы,
Жумабаев Бекзат Адилевич


Рецензент

Геофизикалық басқарудың
жетекші менеджері

 Тукусбаева Д.Б.
«17» 06 2025 ж.
050012, Республика Казахстан, г. Алматы,
ул. Ергенбай батыра, 156-156А
Тел. 8 (727) 343 61 78, факс 8 (727) 343 61 82

Ғылыми жетекші

Ph.D докторы, профессор

 Тогизов Қ.С.
«17» 06 2025 ж.

Алматы 2025

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ. И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы


Қ. Тұрысов атындағы Геология және мұнай-газ ісі институты

«Геофизика және сейсмология» кафедрасы

6B07201– «Мұнай-газ және кен геофизикасы»

БЕКІТЕМІН

Кафедра меңгерушісі геофизика
және сейсмология,
ғылым техникасының докторы,
профессор

 Ратов Б.Т.
«16» _____ 2025 ж.

**Дипломдық жұмысты орындауға арналған
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Темірғали Рахман Ерланұлы, Жұмабаев Бекзат Адилевич
Тақырыбы: «Тасбақа учаскесінде пайдалы қазбалар кен орындарын іздеу
мақсатында геофизикалық әдістерді қолдану».

2025 жылғы «26» қаңтар

№ 26 бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі: «18» маусым 2025 ж.

Дипломдық жұмыстың бастапқы деректері: Дипломация, өндірістік практика

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі:

а) «Тасбақа» учаскесінде пайдалы қазбалардың кен орындарын іздеуде
геофизикалық әдістерді қолдану;

б) Жүргізілген геофизикалық жұмыстардың нәтижелерін алу;

в) Әдістердің практикалық қолданудағы тиімділігін бағалау.






Графикалық материалдар тізімі жұмыс презентациясы слайдтарда
көрсетілген

Ұсынылатын негізгі әдебиеттер: Бувтышкин В.М. Отчет о результатах ГДП-200
по листам L-XXV, XXXI, XXXII в западной части хребта Каратау. 2004 г.


Дипломдық жұмысты дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдердің атауы, зерттеп дайындалатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекшіге ұсыну мерзімдері	Ескерту
Кіріспе	15.05.2024.	Орындалды
Зерттеу ауданы туралы жалпы мәлімет	20.12.2024.	Орындалды
Жұмыс ауданының геологиялық және геофизикалық зерттелуі	02.01.2025	Орындалды
Ауданның геологиясы мен тектоникасы	11.03.2025.	Орындалды
Геофизикалық әдістердің әдістемесі	15.05.2025	Орындалды

Аяқталған дипломдық жұмыс үшін, оған қатысты бөлімдердің жұмыстарын көрсетумен, кеңесшілер мен норма бақылаушының қойған қолдары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі, (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Кіріспе	Қуаныш Серикханович Тогизов, Ph.D докторы, профессор	15.05.2025	
Жұмыс ауданы туралы жалпы мәліметтер	Қуаныш Серикханович Тогизов, Ph.D докторы, профессор	20.12.2025	
Кен орнының геологиялық құрылымы	Қуаныш Серикханович Тогизов, Ph.D докторы, профессор	11.03.2025	
«Тасбақа» кен орнында жүргізілген геофизикалық жұмыстардың әдістемесі	Қуаныш Серикханович Тогизов, Ph.D докторы, профессор	10.05.2025	
«Тасбақа» кен орнында жүргізілген геофизикалық жұмыстардың нәтижелері	Қуаныш Серикханович Тогизов, Ph.D докторы, профессор	15.05.2025	
Норма бақылау	Зухра Нигметжановна Аблесенова Техникалық ғылымдар магистрі, аға оқытушы	30.06.2025	

Ғылыми жетекші



Тогизов Қ. С.

Білім алушы тапсырманы орындауға алды



Темірғали Р. Е.
Жумабаев Б. А.

Күні

« 17 » 06 2025 ж.

АНДАТПА

Дипломдық жұмыстың мақсаты нақты геологиялық жағдайларды ескере отырып, «Тасбақа» учаскесінде пайдалы қазбалардың кен орындарын іздеуде геофизикалық әдістерді қолдануды зерттеу, сонымен қатар осы әдістердің практикалық қолданудағы тиімділігін бағалау болып табылады.

Дипломдық жұмыс кіріспеден, бес негізгі бөлімнен, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

Бұл жұмыста зерттеліп отырған учаскенің геологиялық құрылысы мен жүргізілген геофизикалық әдістердің, яғни магниттік барлаудың, электрлік барлаудың және гравитарлаудың жүргізілу әдістемесі сипатталған. Жұмыста орындалған зерттеулердің нәтижелері, негізгі қорытындылар, сондай-ақ учаскенің шолу және геологиялық карталары берілген.

АННОТАЦИЯ

Целью данной дипломной работы является исследование геофизических методов для поиска месторождений полезных ископаемых на участке «Тасбақа», с учетом специфики геологических условий, а также оценка эффективности этих методов в практическом применении.

Дипломная работа состоит из введения, пяти основных глав, заключения и списка литературы. В дипломной работе рассмотрена геолого-геофизическая изученность, описана геологическая структура исследуемого участка и методика выполненных геофизических работ, которая включает в себя: магниторазведку, электроразведку, гравитаразведку. В работе представлены результаты выполненных работ, подведены основные выводы, а также представлены обзорные и геологические карты данного участка.

ABSTRACT

The objective of this thesis is to study geophysical methods for the exploration of mineral deposits in the "Tasbaka" area, taking into account the specific geological conditions, as well as to assess the effectiveness of these methods in practical application.

The thesis consists of an introduction, five main chapters, a conclusion, and a list of references. It reviews the geological and geophysical knowledge of the area, describes the geological structure of the study site, and outlines the methodology of the geophysical surveys conducted, which include magnetic prospecting, electrical prospecting, and gravity surveying. The thesis presents the results of the surveys, summarizes the main conclusions, and provides overview and geological maps of the area.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	7
1 Жұмыс ауданы туралы жалпы мәліметтер	9
2 Кен орнының геологиялық-геофизикалық зерттелуі	11
2.1. Геологиялық зерттелуі	11
2.2. Геофизикалық зерттелуі	15
3 Кен орнының геологиялық құрылымы	18
3.1. Геологиялық құрылымы	18
3.2. Тектоника	29
4 «Тасбақа» кен орнында жүргізілген геофизикалық жұмыстардың әдістемесі	38
4.1. Магниттік барлау жұмыстарының орындалу әдістемесі	38
4.2. Электрлік барлау жұмыстарының орындалу әдістемесі	41
4.3. Гравитациялық барлау жұмыстарының орындалу әдістемесі	45
5 «Тасбақа» кен орнында жүргізілген геофизикалық жұмыстардың нәтижелері	48
Қорытынды	52
Қабылданған қысқартулар тізімі	53
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	54

КІРІСПЕ

Үлкен Қаратау жотасы аймағы Оңтүстік Қазақстандағы ең ірі кенді аудандардың бірі және қорғасынның, мырыштың, ванадийдің, алтынның, бариттің, түйіршікті фосфориттердің және ел экономикасы үшін маңызды басқа да пайдалы қазбалардың көптеген кен орындарын қамтитын маңызды тау-кен аймағы болып табылады.

Қаратау өңірінің күрделі әлеуметтік-экономикалық мәселелеріне тау-кен кеніштері мен тау-кен байыту кәсіпорындарының жабылуына байланысты туындаған жұмыссыздықтың жоғары деңгейі жатады. Бұл процестер тау-кен қалаларының бір кездері гүлденген инфрақұрылымына және адамдардың әл-ауқатына барынша теріс әсер етті. Өнеркәсіпті дамыту үшін осы аймақтағы перспективті учаскелерді анықтау осы мәселелердің кейбірін шеше алады. Сол себептен бұл аймақта көптеген геологиялық және геофизикалық барлау жұмыстары жүргізілген, сонын ішінде Тасбақа кен орны ауданында жүргізілген барлау жұмыстарын ерекше атап өтуге болады.

Геология тарапынан аумақ жоғарғы рифейден кайнозойға дейінгі шөгінді, сирек жанартаулық шөгінділерден тұрады.

Барлау өңірдегі жұмыс істеп тұрған тау-кен өндіруші кәсіпорындарды шикізаттық базамен қамтамасыз ету мақсатында кен орындарын бағалаудың заманауи критерийлері негізінде Тасбақа кен орнының және оған жақын аумақтардың мыс, алтын және полиметалдар бойынша перспективаларын нақтылауға мүмкіндік берді.

Ауданның геологиялық құрылымының күрделілігіне және зерттеу тереңдігіне байланысты 1:50 000 – 1:10 000 масштабтарында барлау жұмыстары жүргізілді. Барлау жұмыстары геологиялық, геофизикалық, геохимиялық және басқа да зерттеу әдістерінің кешенін, барлау-карталау және барлау ұңғымаларын бұрғылау жұмыстарын қамтыды. Жасырын және көмілген кен орындарын іздеу үшін ұңғыма бұрғылау жұмыстары геофизикалық және геохимиялық зерттеулермен бірге қолданылды. Тасбақа кен орнының геологиялық құрылымының ерекшеліктері мен жұмыстың ландшафты-геологиялық жағдайлары негізінде барлау әдістерінің ұтымды кешені қалыптасты.

Барлау жұмыстарын жүргізу барысында алынған геологиялық, геофизикалық және геохимиялық ақпараттардың жиынтығы негізінде және оларды интерпретациялау арқылы аномалиялар анықталды. Геофизикалық және геологиялық аномалиялардың туындауын тексеру, пайдалы қазбалардың көріністерін ашу геологиялық маршруттар және барлау ұңғымалары арқылы жүзеге асырылды.

Барлау жұмыстарының негізгі нәтижесі барланған аумақтардың перспективасын геологиялық негізде бағалау болды. Пайдалы қазбалардың анықталған көріністері негізінде Р2 және Р1 санаттары бойынша болжамды ресурстарына бағалау жүргізілді.

Жүргізілген барлау жұмыстарының материалдары негізінде ауданның геологиялық және геофизикалық карталары мен қималары тиісті масштабта

тұрғызылды. Жұмыс барысында алынған нәтижелер, олар бойынша анықталған объектілер мен кен орнының геологиялық-экономикалық бағасын сипаттайтын көрсеткіштер және одан әрі геологиялық және геофизикалық барлау жұмыстарын жүргізудің орындылығы туралы негізделген пікірлерді қамтитын жұмыстың негізгі нәтижелері берілді.

Жұмыстың мақсаты нақты геологиялық жағдайларды ескере отырып, берілген аймақта пайдалы қазбалардың кен орындарын іздеуде геофизикалық әдістерді қолдануды зерттеу, сонымен қатар осы әдістердің практикалық қолданудағы тиімділігін бағалау болып табылады.

Зерттеу объектісі – пайдалы қазбалар кен орындарын іздеу мақсатында геофизикалық жұмыстар жүргізілетін аудан болып табылады.

Зерттеу нысаны – кен орындарын іздеу және барлау үшін қолданылатын геофизикалық әдістер болып табылады.

Бұл жұмыста магниттік, гравиметриялық және электрлік әдістердің деректері, сондай-ақ ауданның геофизикалық және геологиялық карталары қолданылған.

Жұмыстың құрылымы.

Дипломдық жұмыс кіріспеден, бес негізгі тараудан, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Бірінші тарауда кен орны туралы жалпы мәліметтер беріледі; Екінші тарауда кен орнының геологиялық және геофизикалық зерттелуі қарастырылады; Үшінші тарауда ауданның геологиялық құрылымы сипатталады; Төртінші тарау геофизикалық әдістерді жүргізу әдістемесіне арналады, оған мыналар кіреді: магниттік барлау жүргізу әдістемесі, электрлік барлау жүргізу әдістемесі, гравитациялық барлау жүргізу әдістемесі. Бесінші тарауда орындалған жұмыстардың нәтижелері ұсынылып, ауданның геофизикалық карталары көрсетіледі.

1 Жұмыс ауданы туралы жалпы мәліметтер



Барлау жұмыстарының аумағы Үлкен Қаратау жотасының жалпы ауданы 736 км² құрайтын солтүстік-батыс аймағын алып жатыр. Әкімшілік тұрғыдан Тасбақа кен орны Қызылорда облысы, Шиелі ауданында орналасқан. Кен орнына ең жақын елді мекен осы ауданнан оңтүстікке қарай 40 км қашықтықта орналасқан Шиелі теміржол станциясы болып табылады. Шиелі ауылы арқылы Орталық Азия мен Ресейді жалғайтын теміржолы және Ташкент-Самара автожолы өтеді, ал батысқа қарай 120 км қашықтықта облыс орталығы Қызылорда қаласы орналасқан. (1- Сурет)

Тасбақа учаскесі Ақжар өзенінің аңғарында орналасқан. Мұнда ол Ақжар көтерілімінің оңтүстік-шығыс бөлігін алып жатыр және мұнай мен газ сияқты көмірсутекті қазбалардың, сондай-ақ: темір, кобальт, алтын, марганец сияқты пайдалы қазбаларды қамтиды.



1 - Сурет - Тасбақа кен орнының орналасуы

Ауданның климаты күрт континенттік. Жаздағы ең жоғары температура +30...+45 °С дейін жетеді, ал қыста -20...-25 °С дейін төмендейді. Жылдық жауын-шашын мөлшері 150 мм-ден аспайды, олардың негізгі бөлігі кеш күзде және ерте көктемде түседі.



2 - Сурет - Зерттелген аумақтың шолу картасы

2 Кен орнының геологиялық-геофизикалық зерттелуі

2.1. Геологиялық зерттелуі

Қаратау жотасының геологиясы туралы ең алғашқы мәліметтер 1865-1880 жылдары берілді. Оны зерттеушілер Н.А.Северцев, Л.Мейер, А.Татаринов, И.В.Мушкетов, Г.Д.Романовский сияқты ғалымдар болды. Г.Д.Романовский 1:76 000 масштабтағы ауданның алғашқы картасын жасаған (1885). Үлкен Қаратауда жүйелі геологиялық зерттеулер 1932-33 жылдары басталды, 1:200 000 масштабтағы барлау жұмыстарын Н.В.Дорофеев, Г.А.Зинченко, Н.Л.Бубличенко жүргізді. Олар аймақтың геологиялық құрылымына және кейбір интрузияларға қысқаша сипаттама берді, тиллит тәрізді жыныстардың барын алғаш рет атап өтті және протерозой шөгінділеріндегі строматолиттер мен балдырлардың қалдықтарын тапты.[1]

1940 жылы Қаратаудың солтүстік-батысындағы геологиялық барлау жұмыстары кезінде Н.А.Козлов төменгі палеозой учаскесінде құрамында ванадий бар тақтатас қабатын тапты, бұл осы аумақты егжей-тегжейлі барлауға, детальді геологиялық барлау жұмыстарын қайта жүргізуге түрткі болды. Бұл зерттеулер 1951-жылға дейін жалғасты.

Нәтижесінде 1:200 000 және 1:100 000 масштабтағы барлау жұмыстары арқылы Н.М.Салов (1943-47) жотаның антиклинальды бөлігінің және солтүстік-шығыс тау етегінің стратиграфиялық схемасын құрады.

1949 жылы В.В.Галицкий мен И.И.Машкараның редакциялауымен 1:200 000 масштабтағы Қаратау жотасының геологиялық картасы жарық көрді.

1953-1957 жылдары И.Т. Александрова, О.С. Грум-Гржимайло, Г.И. Макарычев Қаратау жотасы аймағында 1:50 000 масштабта зерттеу жүргізді. Ғалымдар ордовик, девон және карбон шөгінділерін егжей-тегжейлі сипаттады.

1952 жылы Е.С.Оспанов Қарағұр, Ран, Құмысты, Ақсұмбе өзендерінің бассейндеріндегі алтыны бар тау жыныстарына баға берді.

1960 жылдан 1963 жылға дейінгі кезеңде Қаратау жотасы аймағында В.А.Запорожецтің басшылығымен 1:50 000 масштабта геологиялық барлау жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде ауданның геологиялық карталарының жинағы құрастырылды. Аймақтың геологиясы мен металлогениясы бойынша жаңа деректер алынды.

Бұл деректерді 1963-жылы Н.Н.Салов қайта өңдеді. Жұмыстың негізгі нәтижесі геологиялық құрылымды нақтылау болды: жоғарғы протерозой формациялары Шован, Қайнар және Бәкірлин свиталарына бөлінді; Төменгі және орта палеозой шөгінділері де таралу аймағы мен қалыңдықтарына байланысты свиталарға бөлінді; Ұлытау түзілімдері кембрий кезеңіне жатқызылды. Фамен шөгінділері алғаш рет горизонттарға бөлінді.

1963 жылдан 1965 жылдар аралығында Қаратау мемлекеттік геологиялық барлау басқармасының қалауы бойынша Ф.Я. Валеев пен Т.У.Алдабергенов бастаған топ осы ауданда геологиялық картаға түсіру жұмыстарын жүргізді.

Нәтижесінде ауданның геологиясы мен металлогениясы бойынша мәліметтер алынды. Қарамұрын алтын кен орны ашылды.

1965 жылдан 1971 жылға дейін Солтүстік-Батыс Қаратаудың оңтүстік-батыс етегінде геологиялық карта жасауды Ф.М.Ибрагимов пен О.С.Богатырев басқарған геологиялық-геофизикалық партия жүргізді. Жұмыстың нәтижесінде 1:50 000 масштабтағы карталар жинағы құрылды: бор шөгінділері, бор-палеогендік шөгінділер, жер үсті карталары.

1967-68 жылдары Н.А.Воробьев және басқалар Қаратаудың солтүстік-батысында алтынға геологиялық барлау жұмыстарын жүргізді. Одан әрі геологиялық барлау және іздестіру-бағалау жұмыстарын жүргізу үшін перспективалы учаскелер белгіленді (Зорқара, Баласауқандық, Үлкенсауысқандық), Ақши, Шелекті, Ақсұмбе кен орындарының келешегі жоқтығы анықталды.

1970 жылы В.С.Булыго, В.В.Галицкий, А.Г.Новиков авторлар тобы кейбір кен орындарын қайта қарау жұмыстарын жүргізе отырып, «Қаратау жотасының, Талас Алатауының солтүстік-батыс сілемдері мен Қырғыз жотасының батыс бөлігінің металлогендік картасын» жасады.

1969-75 жылдардағы жүйелі барлау жүргізген В.Я. Онищенко, М.П.Егупов және басқалар Кішіқаратау партиясының құрамында бола отырып бірқатар алтын кен орындарын анықтады. Әйгержол, Бақырлы, Ақтымасай, Қарағұр учаскелерінде жұмыстар жүргізіліп, кейіннен егжей-тегжейлі барлау жұмыстарын жүргізуге ұсыныстар берілді.

1971-74 жылдары ҚазИМС қызметкерлері Е.С.Зориннің жетекшілігімен Қаратау жотасындағы қорғасын-мырыш кен орындарының болашағын бағалау бойынша зерттеулер жүргізді. Нәтижесінде 1:100 000 масштабтағы болжам картасы құрастырылды.

1970 жылдан 1978 жылға дейінгі кезеңде Н.М.Салов 1:200 000 масштабтағы Үлкен Қаратаудың жиынтық геологиялық картасын жасау мақсатында аэрофотогеологиялық карталау жүргізді. Нәтижесінде әртүрлі авторлардың стратиграфия, тектоника және магматизм туралы негізгі ойлары ескеріліп, сыни тұрғыдан тексерілді; осьтік Қаратаудың құрылымдық-формациялық аймағы белгіленді; Стратиграфиялық кезеңдердің реттілігі ескеріледі. 1:50 000 масштабтағы зерттеулер мен қосымша зерттеулердің материалдарын ескере отырып, 1:200 000 масштабты карта құрастырылды.

1976-1980 жылдары Р.Г.Жилинский мен А.А.Голованов басқарған ҚазИМС-тің бір топ геологтары полиметалл минералдануын болжау мақсатында Қаратаудың палеозойлық құрылымдарына геотектоникалық зерттеу жүргізді. Қаратаудың құрылымының терең моделі құрастырылып, иірімдер, аллохтонды және автохтонды тақталар анықталды.

1978-81 жылдар аралығында А.Ф. Ковалевский және т.б. 1:50000 масштабында топтық геологиялық қосымша зерттеу жұмыстарын жүргізді. Соның нәтижесінде бұл аймақтың стратиграфиясы, тектоникасы, магматизмі және металлогенезі бойынша жаңа деректер алынып, жер бетінің геологиялық карталарының жинағы құрастырылды.

1986-87 жылдары облыстың құрылымы мен металлогениясы туралы соңғы геологиялық деректердің қысқаша мазмұны болып табылатын «Қаратаудың геологиясы мен металлогениясы» атты екі томдық монографиясы жарық көрді. Оны құруға Қазақ КСР Ғылым академиясының Геология институтының, ҚазИМС және «Оңтүстікқазгеология» авторлар ұжымы қатысты.

1986 жылы А.А.Абдуллин, М.А.Чимбулатов (құрастырушылар Ф.Я.Валеев, И.В.Евсеев) редакциясымен 1:200000 масштабтағы Қаратау жотасының геологиялық картасы құрастырылды.

1990 жылы А.В. Авдеев Оңтүстік Қазақстанның 1:1 000 000, ал 2000 жылы 1:500 000 масштабтағы геодинамикалық картасын құрастырды. Нәтижесінде палеогеодинамикалық параметрлерді анықтауға негіз жасалды және кейін олардың негізінде жаңа металлогендік және минералды-шикізаттық карталар жасалды.

2001-2004 жылдар аралығында Солтүстік-Батыс Қаратауда В.М. Бувтышкин жетекшілігімен 1:200 000 масштабтағы геологиялық зерттеу жүргізілді. Жүргізілген барлау нәтижесінде осы аймақтың стратиграфиясы, тектоникасы және металлогениясы бойынша жаңа деректер алынды және перспективалық учаскелер мен объектілерді анықтай отырып, аймақтың келешегін бағалау жүргізілді.

2012–2014 жылдары «Барлау-түсіру экспедициясы» тарапынан 1:200 000 масштабтағы тереңдетілген геологиялық картографиялау жұмыстары жүргізілді. Геологиялық-геофизикалық және бұрғылау жұмыстарынан тұратын кешен нәтижесінде көміліп жатқан іргетастың геологиялық құрылымының моделі жасалып, жаңа карталар жинағы дайындалды және алынған жаңа деректер негізінде алтын мен полиметалдарға арналған болжамдық ресурстар кеңейтілді.

Ауданның толық зерттелуі төменде берілген кестелерде көрсетілген.

2001-2004 жылдар аралығында Солтүстік-Батыс Қаратауда В.М. Бувтышкин жетекшілігімен 1:200 000 масштабтағы геологиялық зерттеу жүргізілді. Жүргізілген барлау нәтижесінде осы аймақтың стратиграфиясы, тектоникасы және металлогениясы бойынша жаңа деректер алынды және перспективалық учаскелер мен объектілерді анықтай отырып, аймақтың келешегін бағалау жүргізілді.

2012–2014 жылдары «Барлау-түсіру экспедициясы» тарапынан 1:200 000 масштабтағы тереңдетілген геологиялық картографиялау жұмыстары жүргізілді. Геологиялық-геофизикалық және бұрғылау жұмыстарынан тұратын кешен нәтижесінде көміліп жатқан іргетастың геологиялық құрылымының моделі жасалып, жаңа карталар жинағы дайындалды және алынған жаңа деректер негізінде алтын мен полиметалдарға арналған болжамдық ресурстар кеңейтілді.

Ауданның толық зерттелуі төменде берілген кестелерде көрсетілген.(2.1 – Сурет)

СХЕМА ГЕОЛОГИЧЕСКОЙ ИЗУЧЕННОСТИ
лист 1

масштаб 1:250 000
0 5 10
километры




СХЕМА ГЕОЛОГИЧЕСКОЙ ИЗУЧЕННОСТИ
лист 2

масштаб 1:250 000
0 5 10
километры




СХЕМА ГЕОЛОГИЧЕСКОЙ ИЗУЧЕННОСТИ
лист 3

масштаб 1:250 000
0 5 10
километры





СХЕМА ГЕОЛОГИЧЕСКОЙ ИЗУЧЕННОСТИ
лист 4

масштаб 1:250 000
0 5 10
километры



2.1 - Сурет - Геологиялық зерттелуі

2.2 Геофизикалық зерттелуі

Геофизикалық барлау – кен байлықтарын іздеу және барлау мақсатында Жер қыртысының құрылысын физикалық тәсілдермен зерттеу. Бұл зерттеулер Жердің жерасты қабаттары туралы оларды тікелей ашпай-ақ ақпарат алуға бағытталған, бұл геофизикалық әдістерді геологиялық барлау, құрылыс, экология және басқа да салаларда таптырмас құрал етеді. Геофизика Жердің физикалық өрістері мен қасиеттерін — магнит өрісі, гравитациялық аномалиялар, электрлік кедергі, сейсмикалық толқындар және басқа да сипаттамаларды — бақылау мен өлшеуге негізделеді.

Технологиялардың дамуы мен деректерді өңдеу әдістерінің жетілдірілуіне байланысты геофизика неғұрлым дәл әрі тиімді салаға айналды. Компьютерлік технологияларды пайдалану арқылы геофизикалық деректерді өңдеудің заманауи әдістері жер асты құрылымдарының егжей-тегжейлі карталары мен модельдерін жасауға мүмкіндік береді, бұл геологиялық барлау жұмыстарының дәлдігі мен жылдамдығын едәуір арттырады.



Барлау ауданында 1960–1980 жылдары әртүрлі әдістермен және әртүрлі масштабтарда елеулі көлемде геофизикалық зерттеулер жүргізілді. Бұл жұмыстардың негізгі мақсаты — ауданның геологиялық құрылымын зерттеу, қазіргі заманғы шөгінділер астындағы перспективалы объектілерді анықтау және геологиялық түсіру мен іздеу жұмыстарына көмек көрсету болды. Жұмыстар Қазақстанның аэрогеологиялық-геофизикалық, Орталық геофизикалық, Турлан геофизикалық экспедициялары және КСРО Геология министрлігінің Бірінші бас басқармасына қарасты Қызылқұм және Волков экспедициялары тарапынан жүргізілді. Электробарлау жұмыстарының негізгі бөлігі Қызылорда және Беловод гидрогеологиялық экспедициялары арқылы орындалды (2.2-сурет).

Аэромагниттік түсірілім геологиялық барлау жұмыстарының алдыңғы кезеңдерінде жүргізілді. Қаратау жотасында палеозой жыныстары таралған аумақта аэромагниттік түсірілім гамма-спектрометриямен қатар жүргізіліп, негізінен 1:25 000, кейде 1:50 000 масштабта орындалды. Аэротүсірілім барысында магниттік аномалиялар жер бетінде тексерілді. Бұл тексеру магнит өрісін бақылау мен спектрометрияны қамтитын 2–3 қазылған канава профильдері бойынша жүргізілді. Радиоактивті денелерді іздеуде қызығушылық тудыратын объектілер анықталған жоқ.

Магниттік арна магниттік белсенді тау жыныстарынан тұратын, белгілі және жасырын тектоникалық бұзылулардан тұратын әртүрлі типтегі құрылымдарды тіркеді. Интерпретация нәтижелері бойынша құрылымдық-тектоникалық схемалар құрастырылды, олар кейіннен геологиялық зерттеулерде қолданылды.

СХЕМА АЭРОГЕОФИЗИЧЕСКОЙ ИЗУЧЕННОСТИ

масштаб 1:250 000



2.2 - Сурет - Аэрогеофизикалық зерттелуі

Осылайша, геологиялық және геофизикалық зерттелу бойынша жүргізілген жұмыстар нәтижесінде, бұл аудан жүйелі түрде зерттелгені, зерттеушілер тарапынан ауқымды зерттеулер жүргізілгені анық. Атап айтқанда: әртүрлі масштабтағы геологиялық зерттеулер, іргетастың геологиялық құрылымын модельдеу, болашағы бар аумақтар мен нысандарды айқындай отырып, өңірдің болжамдық ресурстары кеңейтілді.

Геофизикалық зерттеулердің арқасында ауданның геологиялық құрылымы және оның нысандарының болашағы зерделеніп, қазіргі заманғы әдістермен пайдалы қазбаларды іздеу мен өндіру мүмкіндіктері нақтыланды.

Барлау ауданында 1960–1980 жылдары әртүрлі әдістермен және әртүрлі масштабтарда елеулі көлемде геофизикалық зерттеулер жүргізілді. Бұл жұмыстардың негізгі мақсаты — ауданның геологиялық құрылымын зерттеу, қазіргі заманғы шөгінділер астындағы перспективалы объектілерді анықтау және геологиялық түсіру мен іздеу жұмыстарына көмек көрсету болды. Жұмыстар Қазақстанның аэрогеологиялық-геофизикалық, Орталық геофизикалық, Турлан геофизикалық экспедициялары және КСРО Геология министрлігінің Бірінші бас басқармасына қарасты Қызылқұм және Волков экспедициялары тарапынан жүргізілді. Электробарлау жұмыстарының негізгі бөлігі Қызылорда және Беловод гидрогеологиялық экспедициялары арқылы орындалды.

3 Кен орнының геологиялық құрылымы

3.1 Геологиялық құрылымы

Тасбақа кен орны өзінің пайдалы қазбаларымен, атап айтқанда мұнай мен газ өндіруімен танымал Қазақстандағы маңызды пайдалы қазбаларының кен орны болып табылады. Тасбақа кен орнының геологиялық құрылымын былай сипаттауға болады.

Жалпы сипаттама:

Тасбақа учаскесі Ақжар өзенінің аңғарында орналасқан. Мұнда ол Ақжар көтерілімінің оңтүстік-шығыс бөлігін алып жатыр және мұнай мен газ сияқты көмірсутекті қазбалардың, сондай-ақ: темір, кобальт, алтын, марганец сияқты пайдалы қазбаларды қамтиды.

Құрылымдық ерекшеліктері:

Кен орны жер қойнауында көмірсутектердің таралуына айтарлықтай әсер ететін әр түрлі қатпарлар мен жарылымдарды қамтитын күрделі құрылымды.

Геофизикалық мәліметтер:

Тасбақа кен орны гравитациялық барлау, магниттік барлау және электрлік барлау сияқты әртүрлі геофизикалық әдістерді қолдану арқылы барланған, бұл геологиялық қабаттарды, сондай-ақ мұнай мен газ қабаттарының орналасуы мен көлемін дәл анықтауға мүмкіндік берді.

Кен орны ауданының геологиялық құрылымына орта кембрий-ерте ордовик дәуірінің Көкбұлақ свитасының, ерте-орта ордовик дәуірінің Камаль свитасының, орта-соңғы ордовик дәуірінің Суындық свитасының, соңғы ордовик дәуірінің Бесарық свитасының және соңғы ордовик дәуірінің Түлкібас свитасының шөгінді қабаттары және Қарамұрын шоғыры кіреді.

Көкбұлақ свитасы

Свитаның шөгінділері жіңішке, бір-бірінен оқшауланған, солтүстік және солтүстік-батыс бағытта созылып жатқан жоталар түрінде көрініс береді. Бұл шөгінділер ауданның шығыс және солтүстік-шығыс бөлігін алып жатыр. Свита жыныстары жұқа және орташа плиталық құрылымды, қара түсті әктастар мен сазды әктастар түрінде ұсынылған. Кей жерлерде бұл әктастар ашық-қоңыр түсті, массивті екінші реттік доломиттермен алмасқан.

Камаль свитасы

Бұл свитаның шөгінділері ауданның шығыс және солтүстік-шығыс бөлігінде таралған, мұнда олар жылжымалы жарылымды аллохтонды пластинаның басым бөлігін алып жатыр. Стратиграфиялық қимасы кремнийлерден, көмірлі-сазды-кремнийлі, көмірлі-кремнийлі, кремнийлі-темір-марганецті шөгінділерден құралған және аз мөлшерде алевролиттер мен аргиллиттерден тұрады.

Суындық свитасы

Бұл свитаның шөгінділері аллохтонды пластина шегінде таралған және камаль свитасының шөгінділерін келісімді түрде жауып жатыр. Қиманың

құрамында жасылдау-сұр түсті аргиллиттер мен алевролиттер, сондай-ақ жеке қабаттар түрінде ұсақ түйіршікті полимиктті құмтастар кездеседі.

Бесарық свитасы

Бұл свитаның шөгінділері учаскенің шығыс және солтүстік-шығыс бөліктерінде жер бетіне кең көлемде шығып жатыр. Қимасының құрамына жасыл және жасылдау-сұр түсті, әртүрлі түйіршікті полимиктті және кварц-полевошпатты құмтастар кіреді.

Түлкібас свитасы

Бұл свитаның жыныстары Тасбақа учаскесінің оңтүстік бөлігінде ғана шектеулі түрде таралған. Шөгінділері ұсақ және орташа малта тасты полимиктті конгломераттардан, полимиктті гравелиттерден (свитаның төменгі қабаты), сондай-ақ орта және ірі түйіршікті кварцты және кварц-полевошпатты құмтастардан (ортаңғы және жоғарғы қабаттар) тұрады.

Қарамұрын шоғыры

Бұл шоғырдың шөгінділері Тасбақа учаскесінде ең кең таралған, олар учаскенің орталық, солтүстік-батыс және оңтүстік-батыс бөліктерін құрайды. Стратиграфиялық қимасы аргиллиттерден, алевролиттерден, жасылдау-сұр түсті полимиктті құмтастардан және сұр, ашық сұр, қоңырқай-сұр түсті әктастардан тұрады.

Жоғарыда атап өтілгендей, Тасбақа ауданында Қарамұрын шоғырының құрамында алтынды метасоматиттері бар Тасбақа Орталық учаскесі және Камаль свитасының құрамындағы кобальты бар Солтүстік Тасбақа учаскесі анықталды.

Орталық тасбақа ауданы Тасбақа ауданының орталық, солтүстік-батыс және солтүстік-шығыс бөліктерін алып жатыр және ол Қарамұрын шоғырының шөгінділері таралған аумақта орналасқан. Бұл шөгінділер Ақжар көтерілуінің оңтүстік-шығыс бөлігін құрайды.

Аталған учаскеде геофизикалық және геохимиялық зерттеулер, геологиялық-барлау маршруттары, бұрғылау жұмыстары (12 іздестіру ұңғымасы) және тау-кен қазу жұмыстары (39 канава және 232 шурф) жүргізілген.

Орталық Тасбақа ауданының геологиялық құрылымында Қарамұрын шоғырының шөгінділері негізгі орынды алады. Бұл шөгінділер сұр, жасылдау-сұр түсті ұсақ және орта түйіршікті кварц-полевошпатты құмтастармен, жасылдау-сұр түсті жұқа және орташа плиталық алевролиттермен, аргиллиттермен, сұр, ашық сұр және қоңырқай-сұр түсті әктастар мен сазды әктастармен сипатталады.

Бұл жыныстар әртүрлі дәрежеде метасоматикалық өзгерістерге ұшыраған. Ең қарқынды метасоматоз процестері ежелгі жыныстар шөгінділеріне қарай ығысу беткейлері бойындағы жыныстардың брекчиялануы мен еру аймақтарында, сондай-ақ субмеридионалды және солтүстік-батыс бағыттағы жарылымдар бойында байқалады.

Кварц-серицит-карбонат-альбитті метасоматиттердің аймақтары солтүстік-батыс бағытта созылған, ұзындығы ондаған метрден 3500 метрге дейін жететін денелер түрінде көрініс береді.

Солтүстік Тасбақа ауданының геологиялық құрылымында Көкбұлақ, Камаль, Суындық және Бесарық свиталарының шөгінділері қатысады. Бұл свиталардың таралу аумағы солтүстік-батыс бағыттағы екі надвигтік жазықпен шектелген.

Іздестіру тұрғысынан Камаль свитасының шөгінділері қызығушылық тудырады. Бұл жыныстарда кобальттын кенденуі байқалады, ол молибден, алтын, мыс, висмут, мырыш және күмістің салыстырмалы түрде жоғары мөлшерімен бірге кездеседі.


Свитаның шөгінділері жер бетінде ең кең таралуы ауданның оңтүстік-батыс қанатында байқалады, олар Қарамұрын шоғырының жыныстарын жауып жатыр, ал кейбір жағдайларда Көкбұлақ свитасының карбонатты жоталарында жатады.

Аллохтонды пластинаның табанында Камал свитасының қимасы көбінесе жоғарғы қабаттың литофацияларымен ұсынылған. Төменгі қабаттың шөгінділері тек Көкбұлақ свитасының әктастарына жапсарласқан жерлерде ғана сақталған. Аллохтонда надвиг аймағы бойында жыныстар солтүстік-батыс бағыттағы, жиі төңкерілген екінші және одан да жоғары ретті қатпарларға қысылған. Антиклинальдардың ядролық бөліктері Көкбұлақ свитасының карбонатты жыныстарының жер бетіне локалды шығуы арқылы анықталады.

Ауданда төменгі кембрийден жоғарғы девонға дейінгі терригенді және терригенді-карбонатты жыныстар, сондай-ақ шектеулі түрде жекелеген жоталар түрінде Шаштөбе свитасының жоғарғы бор кезеңіне жататын қызғылт түсті шөгінділері таралған. Аталған жыныстардың үстінде қалыңдығы негізінен 0,5–1,0 м болатын аллювиальды-пролювиальды, делювиальды-пролювиальды, элювиальды-делювиальды және элювиальды төрттік шөгінділер дамыған. Аллювиальды шөгінділер Ақжар өзенінің ұзынша, жиі кең арнасы бойымен және сирек, тар, маусымдық құрғап қалатын екінші ретті жыралар бойында таралған.

Шаштөбе свитасының жоғарғы бор кезеңіне жататын жыныстары бойынша таралған борпылдақ түзілімдер құрамында фосфордың мөлшері жоғары, сондай-ақ Co, Zn, Pb элементтері бойынша стандартты ауытқулардың жоғары мәндерімен сипатталады. Карамурун шоғырының жыныстары мен метасоматиттердегі химиялық элементтердің таралу параметрлерін салыстырғанда, метасоматиттерде Mn және P элементтерінің фондық мөлшерінің сәл жоғары екендігі байқалады. Қалған элементтер бойынша елеулі айырмашылықтар тіркелмеген. Түлкібас свитасының терригенді жыныстары бойынша таралған борпылдақ түзілімдерде Zn, V, Ag элементтері бойынша фондық мөлшерлер мен стандартты ауытқулардың жоғары мәндері байқалады. Бесарық свитасының жыныстарында Ag элементінің фондық мөлшері төмен, ал Co және Mo элементтері бойынша стандартты ауытқулардың мәндері де төмен деңгейде. Суындық свитасының жыныстары бойынша таралған борпылдақ түзілімдердің ерекшелігі — Co, Pb және Mo элементтерінің фондық мөлшерінің төмендігі, бірақ салыстырмалы түрде стандартты ауытқуының жоғары болуы, Көкбұлақ свитасының терригенді-карбонатты шөгінділерінде Mo, Pb, Ag және P элементтерінің жоғары мөлшері байқалады.

Химиялық элементтердің борпылдақ түзілімдердегі таралу параметрлері бойынша Камаль және Құрымсақ свиталарының жыныстарында айтарлықтай айырмашылықтар байқалады. Камаль свитасы үшін Co, Ba, Mn, Zn элементтерінің фондық мөлшерінің жоғары болуы тән. Құрымсақ свитасы Cu, Mo, V, Pb, Ag, P элементтері бойынша фондық мөлшерінің айқын жоғары болуымен ерекшеленеді. Сонымен қатар, Cu, Mo, V және Ag элементтері бойынша стандартты ауытқулардың жоғары мәндері тіркелген. Осындай ерекшеліктер Камал және Құрымсақ свиталарының жыныстарындағы бастапқы (қатты) жыныстарда да химиялық элементтердің таралу параметрлеріне тән болып табылады.



3.1 - Сурет - Ауданның геологиялық картасы

Тасбақа учаскесінің аумағы негізінен Қарамұрын шоғырының жыныстарымен қалыптасқан. Бұл жыныстар химиялық элементтердің көпшілігі бойынша стандартты ауытқулары төмен, біркелкі геохимиялық өріспен сипатталады. Екінші реттік ореолдар 4 немесе одан да көп корреляцияланатын нүктелер үшін төмен-аномальды құрамдар негізінде шекараланған.

Анықталған әртүрлі элементтердің екінші реттік ореолдары құрылымдық-геологиялық белгілері мен құрамындағы аномальды жоғары мөлшердегі химиялық элементтер кешендерін ескере отырып, олардың аумақтық оқшаулануына байланысты бірнеше топқа біріктіріліп сипатталған.

Төмендегі кестеде Тасбақа учаскесіндегі жұмыстар жүргізілген ауданның минералдану түрлері көрсетілген:

3.1-Кесте-Тасбақа учаскесінің минералдануы

№	Лист номенклатурасы	Объект атауы	Негізгі металл (қосалқы металл)	Құрылымдық байланысы
1	L-42-123-A	Солтүстік Тасбақа	Со (Cu,Au,Mo)	Стратиформды кобальт-темір-марганец
2	L-42-123-A	Орталық Тасбақа	Au (-)	Алтын-кварц-карбонатты-альбит, аз сульфитті

Сондай-ақ төмендегі кестеде келтірілген пайдалы қазбалардың кадастры жасалды:

3.2-Кесте - Тасбақа учаскесінің пайдалы қазбалар кадастры

Объект атауы	Солтүстік Тасбақа Со (Cu, Au, Mo)	Тасбақа Орталық Au(-)
Лист номенклатурасы	L-42-123-A	L-42-123-A
Х, Y координаталары	67° 2' 25" 44° 31' 7"	67° 1' 15" 44° 30' 10"
Құрылымдық байланысы	Стратиформды кобальт-темір-марганец	Алтын-кварц-карбонатты-альбит, аз сульфитті

Геологиялық сипаттамалар	Минералдану Камал свитасының қимасының жоғарғы бөлігіне тән. Жыныстар сұр, қара сұрдан қара түске дейінгі сазды-көмірлі, кремнийлі-сазды-көмірлі және ашық сұр түсті сазды-кремнийлі, карбонатты-сазды-кремнийлі қабаттармен кезектесіп кездеседі. Кварцты, кальцит-кварцты, сидерит-кварцты желілер байқалады, олардың қалыңдығы жіп тәріздіден бастап 10 см-ге дейін жетеді. Сульфидті минералдану көбіне қатпарға қысылған көмірлі-кремнийлі шөгінділерде шоғырланған, мұнда пириттің 5–6 мм-ге дейінгі ірі ұялары кездеседі. Сондай-ақ пирит ашық сұр түсті сазды-кремнийлі қабаттарда ұялар мен жарықтар бойындағы жұқа қабыршақтар (жабысқан іздер) түрінде байқалады. Бұдан бөлек, пирит сирек болса да свитаның жоғарғы қабаттарында ұсақ түйірлі шашыранды түрде, сондай-ақ жұқа линзалар мен қабатталған түрде жұқа қабатты сазды-көмірлі-кремнийлі жыныстар арасында кездеседі.	Минерал көрінісі кварц-карбонат-альбитті метасоматоз аймақтарына тән, мұнда кварц құрамды желілер мен тамырлар кездеседі. Метасоматиттер Қарамұрын шоғырының терригенді-карбонатты шөгінділері бойынша қалыптасқан. Гидротермальды өзгерген жыныстар аймағы солтүстік-шығыс бағытта созылып жатыр, ұзындығы 3 км-ден асады, қалыңдығы 300 метрге дейін жетеді. Алтынның ең жоғары мөлшері (5 г/т) үгілу қабығында шоғырланған. Бұл қабық — пирит кристалдары бойынша түзілген гетит пен гидрогетиттің жалған формалары, сондай-ақ қабыршақты гематиттің шашыранды түрлері бар екінші реттік темірлі кварциттерден тұрады. Қалыңдығы 3 метрден аспайды. Жер бетінен де, тереңдіктен де алтын минералдануы (0,2 г/т дейін) терригенді-карбонатты жыныстар бойынша дамыған кварц-карбонат-
--------------------------	--	---

		альбитті метасоматиттерде орналасқан. Бұл аймақтарда морфологиясы әртүрлі көптеген еріген және опырылған брекчия денелері бар. Бороздалық сынамалар бойынша жүргізілген талдаулар нәтижесінде, құрамында кемінде 0,08 г/т алтын бар 6 кен денесі мен ұзындығы 90–350 м, орташа қалыңдығы 1 м болатын линзалар анықталған.
Пайдалы компоненттердің мазмұны	Co – 0,04%-ға дейін Au – 1,5 г/т-ге дейін Cu – 0,06%-ға дейін Mo – 0,004%-ға дейін Mn – 1%-дан жоғары	Au — 0,1–5 г/т (жер бетінен алынған сынамаларда); 0,08–0,2 г/т (іздігіру ұңғымаларында). 40
Зерттелу деңгейі, жұмыс көлемі, қорлар, объектіні бағалау, пайдалану туралы ақпарат.	Іздігіру жұмысы — Бувтышкин В. М., 2016 ж. Іздігіру бұрғылау ұңғымасы (PS-36). Керндік сынамалардың саны — 122. Жер бетінен 26 канава жүргізілген, профильдер бойынша геохимиялық жұмыстар (түбірлік геохимия) орындалған. Кобальттың өнеркәсіптік маңызы бар кен орнын анықтау тұрғысынан жоғары перспективаға ие. Іздігіру-бағалау жұмыстарын жүргізу ұсынылады.	Іздігіру жұмысы — Бувтышкин В. М., 2016 ж. Іздігіру мақсатында 8 ұңғыма бұрғыланды. Керндік сынамалардың саны көрсетілмеген. 10 канава жүргізілді. 200 метр тереңдікке дейін практикалық маңызы жоқ. Алтын кенденуінің өнеркәсіптік маңызы бар залеждерін анықтау перспективалары іс жүзінде жоқ.

Кейінгі зерттеу барысында осы учаскеде бірқатар геохимиялық аномалиялар анықталды. Аномалия таралған аумақ негізінен Құрымсақ және Көкбұлақ свиталарының, ішінара Камаль свитасының жыныстарымен қалыптасқан. Бұл жыныстар Қарамұрын шоғырының ішінара метасоматозға ұшыраған жыныстарына қарай жылжып орналасқан.

Борпылдақ түзілімдер элювий (el) және элювий-делювий (el-dl) түрінде көрінеді. Аномалия шегінде 60 литохимиялық борпылдақ сынама алынған.

Екінші реттік ореолдар:

1) Ең ұзын (ұзындығы 1800 м-ге дейін, ені 40–100 м) екінші реттік ореолдар Мо (молибден), V (ванадий), Cu (мыс), Mn (марганец) элементтері бойынша қалыптасқан;

2) Қалған элементтер бойынша ореолдар үзік, оқшау, ұзындығы 200–600 м, ені 80 м-ге дейін;

3) Бұл ореолдар контрастылығы төмен, көпшілігі 4 немесе одан да көп корреляцияланатын нүктелердің төмен аномальды мәндері бойынша анықталған.

Максималды анықталған құрамдар:

1) Кобальт (Co) — $100 \times 10^{-2} \%$ (ПР 54 ПК 115)

2) Мыс (Cu) — $15 \times 10^{-3} \%$ (ПР 42 ПК 130)

3) Ванадий (V) — $60 \times 10^{-3} \%$ (ПР 42 ПК 130)

4) Күміс (Ag) — $6 \times 10^{-5} \%$ (ПР 42 ПК 136)

Көкбұлақ свитасы бұл учаскеде өте шектеулі аумақта ғана таралған. Ванадий, молибден, күміс, мышьяк және фосфор сияқты элементтердің жоғары құрамдары Көкбұлақ пен Камал свиталарының түйісу аймағында, нақтырақ айтқанда, Камаль свитасының Қарамұрын шоғыры аймағына жылжыған бөлігінде шоғырланған. Аномалиялардың өлшемдері шамамен 200×20 –60 м және, болжам бойынша, Камаль свитасының жыныстарынан құралған делювиальды дресва тасымалына байланысты болуы мүмкін. Барийден басқа барлық химиялық элементтер бойынша 1%-дық маңыздылық деңгейінде корреляция коэффициенттерінің елеулі мәндері байқалуы осы №18 аномалия тобын "жыныстық" (литогенді) аномалиялар санатына жатқызуға мүмкіндік береді. Алайда элементтердің төмен құрамдары мен әлсіз контрасттылығы бұл аномалияны аз перспективалы деп бағалауға негіз береді.

Камал свитасы. Анықталған аномалиялар тобы Камаль свитасының кремнийлі жыныстарының Қарамұрын шоғырының терригенді шөгінділеріне солтүстік-батыс бағытта жылжу аймағына тән. Борпылдақ түзілімдер негізінен элювий-делювий (el-dl) және делювий (dl) түрінде таралған, аз мөлшерде делювий-пролювий (dl-pl) түзілімдері де кездеседі. Бұл жерде екі екінші реттік алтын ореолы анықталған. Оның ұзақтығы 400 м және ұзындығы 1200 м, ені 20–200 м аралығында.

Ұзын алтын ореолы Қарамұрын шоғырының жыныстарына беткей етегіндегі гравитациялық жинақталу нәтижесінде қоныстанған ореол ретінде сипатталады. Бұл аномалиялар төмен контрастты, алтынның максималды құрамы 0,01 г/т-ден аспайды

Молибденнің екінші реттік ореолының ені 60–300 м аралығында. Бұл ореол Камаль свитасының көмірлі-кремнийлі шөгінділеріне тән және ішінара Қарамұрын шоғырының жыныстарына қарай еңістік бойымен ығысқан.

Бұл аумақта молибденнің шоғырлануы, болжам бойынша, булану тосқауылының әсерінен қалыптасқан. Барийдің (Ba) ұзынша екінші реттік қалдық ореолы ванадий аномалиясының контурында орналасқан, оның максималды құрамы — $20 \times 10^{-2} \%$ (ПР 26 ПК 265; ПР 34 ПК 234). Төменгі еңіс бойымен, Қарамұрын шоғырының жыныстары бойынша, ПР 28 (ПК 250–267) және ПР 28–34 (ПК 203–247) аралығында барийдің гравитациялық жинақталуына байланысты екі ығысқан, кең және ұзын екінші реттік ореол бөлінген. Максималды барий мөлшері — $20 \times 10^{-2} \%$ (ПР 26 ПК 260).

Марганецтің (Mn) екінші реттік қалдық ореолы бүкіл белгіленген аумақ бойынша созылып жатыр, ені 100–160 м, кей жерлерде 300 м-ге дейін жетеді. Бұл ореол жоғары контрасттылығымен сипатталады, максималды құрам $>100 \times 10^{-2} \%$ (ПР 34 ПК 240). Белгіленген топтың батысында 100–200 м, 600–900 м және одан әрі қашықтықта Mn элементі бойынша 4 екінші реттік қабаттасқан ореол тіркелген. Бұл ореолдарда марганецтің жинақталуы, болжам бойынша, тотығу-қалпына келу тосқауылында жүзеге асқан. Аталған ореолдардың ерекшелігі — өте төмен контрасттылық, мұндағы максималды құрам $50 \times 10^{-2} \%$ -дан аспайды (ПР 30 ПК 216, 240).

Фосфордың (P) екінші реттік ореолы учаскенің орталық бөлігін бойлай өтетін 100–150 м дейінгі енді тар жолақ түрінде созылып жатыр. Бұл ореол төмен контрасттылығымен сипатталады, максималды фосфор мөлшері — $25 \times 10^{-2} \%$ (ПР 22 ПК 277).

Мыс (Cu) бойынша үш ұзынша екінші реттік ореол учаскенің орталық бөлігінде, el және el-dl типті борпылдақ түзілімдердің таралу аймағында байқалады. Бұл ореолдардың ұзындығы 200 м-ден 1800 м-ге дейін, ені 40–100 м аралығында. Максималды мыс мөлшері — $60 \times 10^{-3} \%$ (ПР 34 ПК 208). Кобальттың (Co) үш екінші реттік ореолы молибденнің ұзынша ореолының орталық бөлігінде анықталған. Олардың өлшемдері — ені 40–140 м, ұзындығы 400 м-ге дейін. Максималды Co мөлшері $150 \times 10^{-4} \%$ – ПР 220 ПК 277; $100 \times 10^{-4} \%$ – ПР 36 ПК 218. Күмістің (Ag) үш екінші реттік ореолы Камал және Көкбұлақ свиталарының el-dl түзілімдерінде байқалған. Олардың өлшемдері — 200–600 м $\times$ 40–80 м, Максималды құрам — $6 \times 10^{-5} \%$ (ПР 32 ПК 242). Қорғасын (Pb) бойынша екі ореол, мырыш (Zn) бойынша бір ореол анықталған, бірақ олардың контрасттылығы өте төмен, ұзындығы 200 м-ден аспайды, ені — 40–60 м.

Марганецтің (Mn) көптеген элементтермен (Co және Ba-дан басқа) маңызды корреляциялық байланыстарының болмауы — Тасбака учаскесіндегі Камал свитасының жыныстары бойынша таралған борпылдақ түзілімдерге тән қалыпты құбылыс болып табылады.

№19 аномалиясының контурында №18 аномалиясына ұқсас түрде, барийден басқа барлық химиялық элементтер бойынша 1% деңгейінде маңызды корреляция коэффициенттері тіркелген. Бұл факт аталған аномалияның «жыныстық» (литогенді) табиғаты бар екенін үлкен ықтималдықпен көрсетеді.

Алайда, ескере кетер жайт — солтүстік-шығыс жағынан бұл аномалияға геохимиялық іздестіру барысында алғашқы ореолдар бойынша бөлінген, болашағы бар кобальт-марганец-мыс аномалиясы жанасып жатыр. Осыған байланысты, №19 аномалиялар тобының нақты «жыныстық» табиғатына күмән туады.

Сол себепті, бұл аномалиялар тобында қосымша егжей-тегжейлі зерттеу жұмыстарын жүргізу қажет, оның негізгі мақсаты — топтың перспективалылығын дәлірек анықтау.

Тасбака учаскесінің басым бөлігі Қарамұрын шоғырының жыныстарымен қалыптасқан, олар ішінара төрттік және жоғарғы бор кезеңінің шөгінділерімен жабылған.

Осы жыныстар бойынша борпылдақ түзілімдердегі геохимиялық өріс барлық талданған элементтер бойынша төмен фондық құрамдармен және стандартты ауытқулармен сипатталады.

Анықталған аномалиялар негізінен учаскенің орталық және солтүстік бөліктерінде шоғырланған, олардың басым бөлігі моноэлементті сипатқа ие, ал элементтердің құрамдары көбіне 4 немесе одан да көп нүкте үшін төменгі аномальды мәндерден аспайды.

Ең көп және ұзын екінші реттік ореолдарды ванадий (V) түзеді. Көпшілік ореолдардың ұзындығы 200–400 м, ені 40–80 м аралығында.

Учаскенің орталық бөлігінде кешенді геохимиялық аномалия (V, Cu, Zn) анықталған, ол ПР 24 ПК 128–133-тен ПР 36 ПК 97–104-ке дейін созылып жатыр. Максималды құрамдар мыналарды құрайды: V – $15 \times 10^{-3} \%$; Cu – $8 \times 10^{-3} \%$; Zn – $12 \times 10^{-3} \%$

Мыс (Cu) бойынша екінші реттік ореол, ені 40–60 м-ге дейін, ванадий ореолы орталығының ішінде орналасқан және ПР 32-ге дейін созылады. Мырыш (Zn) бойынша ореол ПР 30 ПК 113–114 нүктелерінде байқалады.

ПР 24 ПК 19–43 және ПР 26 ПК 25–45 аралығында ванадий ореолы ПР 26 бойынша алтынның жоғары құрамдарымен қатар жүреді. Максималды алтын мөлшері – 0,06 г/т (ПК 39).

ПР 26–30 ПК 71–83 аумағында ванадийдің екінші реттік ореолы фосфор мен алтынның жоғары құрамымен бірге байқалады. Алтынның ең жоғары мөлшері – 0,04 г/т (ПР 30 ПК 71).

Ванадий мен алтынның қабаттасқан ореолдары ПР 30 ПК 79–81 ПР 32 ПК 76 профильдерінде байқалады. Алайда, бұл учаскелерде элементтердің құрамы төменгі аномальды мәндерден аспайды.

Ванадийдің ұзынша ореолы ПР 34–38 ПК 135–144 аралығында тіркелген және мырыштың (Zn) жоғары құрамымен қатар жүреді – Zn – $12 \times 10^{-3} \%$ (ПР 34 ПК 143).

ПР 38–42 ПК 73–88 аумағында ванадийдің екінші реттік ореолы мырыш (Zn), мыс (Cu), қорғасын (Pb) және алтын (Au) құрамының жоғарылауымен қатар жүреді. Максималды құрамдар: V – $15 \times 10^{-3} \%$; Cu – $40 \times 10^{-3} \%$ (ПР 38 ПК 82); Pb – $4 \times 10^{-3} \%$; Au – 0,012 г/т (ПР 42 ПК 78)

ПР 40 ПК 101–103 және ПР 42 ПК 108–112 аралығында ванадийдің екінші реттік ореолы Қарамұрын толқасының делювий-пролювий (dl-pl) түзілімдерінде байқалады, ол ішінара бор кезеңінің шөгінділерімен жабылған және мыс құрамының жоғарылауымен (5×10^{-3} %-ға дейін) қатар жүреді.

Ванадийдің ұзынша екінші реттік ореолы (ПР 40 ПК 51–52 – ПР 50 ПК 57–58) аралығында Қарамұрын шоғырының делювий-пролювий (dl-pl) түзілімдері бойынша бөлінген, бұл аймақ ішінара бор кезеңінің шөгінділерімен жабылған.

Ореол мырыш (Zn), мыс (Cu), қорғасын (Pb), алтын (Au) құрамының жергілікті жоғарылауымен қатар жүреді, алайда бұл мәндер төменгі аномальды деңгейде.

Алтынның ең жоғары мөлшері – 0,1 г/т (ПР 50 ПК 63).

ПР 46 ПК 114–116-дан ПР 48 ПК 108–109-ға дейінгі аралықта байқалған ванадийдің екінші реттік ореолы мыс пен мырыштың, қорғасын мен молибденнің екінші реттік ореолдарымен ішінара қабаттасады. Алайда, барлық элементтер бойынша құрамдар төменгі аномальды мәндерден аспайды.

Ванадийдің кешенді геохимиялық аномалиясы, оған мыс (Cu), қорғасын (Pb), молибден (Mo), барий (Ba) элементтерінің жергілікті аномальды құрамдары ілесіп жүреді, Карамурун толқасының жыныстарына ордовик жыныстарының ұзынша надвигі маңындағы dl-pl түзілімдерде байқалады.

Аномалиялық ореолдар екінші реттік қабаттасқан түрінде интерпретацияланады, элементтердің жинақталуы, болжам бойынша, тұздық (солевой) және гравитациялық тосқауылдарда орын алған.

ПР 52 ПК 115 нүктесінде алтынның құрамы 0,3 г/т-ге жетеді.

Профильдер 56–60 бойынша бөлінген ванадийдің екінші реттік ореолдары жиі алтын (Au), қорғасын (Pb), кобальт (Co) құрамының жоғарылауымен қатар жүреді. Алайда, бұл элементтердің құрамы төменгі аномальды деңгейде.

Жоғарыда сипатталған ванадийдің екінші реттік ореолдарынан бөлек, Тасбақа учаскесі аумағында мыс (Cu), қорғасын (Pb), фосфор (P) бойынша бірнеше моноэлементтік аномалиялар анықталған. Бұл элементтердің құрамдары өте төмен, әрі олар қандай да бір геологиялық құрылымдармен байланыспаған.

Алтынның (Au) көпшілік аномалиялары 0,002 г/т деңгейіндегі төменгі аномальды құраммен шектелген және бұл мән талдау әдісінің сезімталдық шегінде орналасқан. Бұл аномалиялар көбінесе Қарамұрын шоғырының метасоматоз аймақтарына, сирек жағдайда — девон жыныстарының Қарамұрын шоғырының надвигі аймағына тән.

Алтынның ең жоғары құрамдары келесі төрт сынамада тіркелген: 0,1 г/т — ПР 26 ПК 103, 0,1 г/т — ПР 50 ПК 63, 0,3 г/т — ПР 52 ПК 115, 0,5 г/т — ПР 42 ПК 185.

3.2. Тектоника

Кен орнының тектоникалық құрылымы — бұл кен орны аумағындағы тау жыныстары мен тау жынысы денелерінің орналасуын және құрылымдық ерекшеліктерін сипаттайды. Бұл құрылымдар тектоникалық түзілімдер түрінде көрініс табады. Оған Жер қыртысының қозғалыстары, деформация, жарылымдар, қатпарлар және басқа да геологиялық үдерістердің әсері кіреді. Аталған тектоникалық үдерістер кен орнының геологиялық құрылымына елеулі ықпал етеді, сонымен қатар оның барлау және игеру жұмыстарының ерекшеліктерін анықтайды.

Зерттелген аумақ Үлкен Қаратау және Шу-Сарысу құрылымдық-формациялық зоналарының шегінде орналасқан. Бұл екі аймақ Басты Қаратау жарылымымен (ГКР) бөлінеді [4].

Құрылымдық жағынан сипатталған аумақ тектоникалық блок болып табылады. Ол өзінің орталық бөлігінде Қарамұрын шоғырының шөгінділерін және солтүстік-шығыс, шығыс және оңтүстік жақтауында Түлкібас свитасының шөгінділерін қамтиды. Тектоникалық құрылым құрылымында негізгі рөлді әр түрлі физикалық-механикалық қасиеттері бар қабаттар арасындағы жарылымдар атқарады. Бір жағынан Қарамұрын қабаттарының карбонатты-сазды-терригенді бөлімі, екінші жағынан, Камал, Бекқұбаш, Бекбұлақ, Бекбұлақ және Көкбұлақ шоғырларының кремнийлі, кремнийлі-терригенді, карбонатты және терригенді учаскелері. Құрылымның өзек бөлігінде Қарамұрын формациясының жыныстары осьтердің субмеридиональды және солтүстік-батыс бағыттағы екінші ретті қатпарлармен (көбінесе төңкерілген) күрделенген. Осындай көрініс аллохтонды шөгінділерде де байқалады (Камал, Көкбұлақ және Сүйіндік свиталары), оларда да жоғары сатыдағы қатпарлар байқалады.

